

«Балбөбек» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

**Бағдарлама**  
**«Ұлттық қазына»**

2023 – 2024 жыл

КЕЛІСІЛДІ.  
Аудандық білім бөлімінің  
басшысы С.Т.Меруенов



БЕКІТІЛДІ.  
«Балбөбек» бөбекжай – бақшасы»  
меңгерушісі: Р.Ж.Шауменова



«Балбөбек» бөбекжай – бақшасының» 30.08.2023 жылғы

№1 педагогикалық кеңестегі №1 хаттамада қаралды.

«Ұлттық қазына» бағдарламасы талқыланды

Бағдарламаны құрастырған: Кенжегулова Б.А.  
Нарынбаева Б.Б.

## Түсінік хат

Ерте кезде қазақ халқында бала тәрбиелеуге арналған қоғамдық орындар балабақшас, мектеп болмаса да, ата-аналар тәрбиені бесікте жатқан кезінен бастап-ақ халықтық жырлар мен әңгіме, ертегілер салт-дәстүр, әдет-ғұрып арқылы бере бастаған. Олар қызық-қызық ертегілер, тыйым сөздер, еңбек арқылы балаларының бойында жақсы қасиеттерді дамытқан. Сөз өнерінің әдемі кестелері олардың сөздік қорын байытып, бірте-бірте мағыналы да, мәнді сөйлеуге жаттықтыра білген.

Тәрбие - бүкіл адамзаттың алтын бесігі, ал қазақ педагогикасының өткені ата-бабаларымыздың асыл сөздерінде, салт-дәстүрінде жатыр. Дала мектебінің тәрбиесі ананың сүтімен, бабаның қанымен ұрпақ бойынан өз жалғасын тауып отырды, өмір қиындығы төзімділікке баулиды. Ана сәбиін өмірге қалай баулыса, ұлт өз ұрпағының тарих көшінен қалмауын қадағалайды. Жазуымыз бірнеше мәрте өзгергенімен ұлттық тәрбие жойылмады. Туған халқымыздың тарихы, салт-дәстүрлері ұлттық тәрбие негізінде ұрпақтан-ұрпаққа, сан ғасырлар бойы сары майдай сақталып, аманат болып қалып отырды.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп ерекше атап көрсетілген. Осы Заңның 8-бабында «Білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу бағдарламалары этномәдениет элементтерімен байытылады», - делінген.

Халқымыз «Қисық біткен талды жастайынан түземесе,буыны қатқан соң оның көлеңкесі де қисық болып тұрады» деп бекер айтпаса керек. Осыған байланысты бүгінгі бүлдіршіндерді жетілген азамат етіп тәрбиелеу, балабақша жауапкершілігін де арттыра түсуде. Себебі біздің халқымыз үшін бала тәрбиесі бүкіл зиялы қауымның, бүкіл қоғам шұғылданатын ұлағатты істің тұтас бір кешеніне айналып отыр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық мектептер, балабақшалар ашылып, ондағы оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасына өзгерістер енгені белгілі. Сондықтан да халықтық педагогиканы оқу қызметтерінде, оқу қызметінен тыс тәрбие жұмыстарында қолданып, оны тәрбиеленушілердің бойына сіңіру – біздің басты міндетіміз. Ол үшін ұлттық білім беру жүйесінде негізгі мына екі бағытты ұстанғанмыз жөн:

1. Ұлттық педагогиканың негізінде тәрбиеленушілерге білім мен өнеге берудің тиімділігін көтеру.

2. Халықтық тәрбиенің ықпалы мен пайдасын ұқтырып, ұлттық сана сезім тұрғысынан тәрбиеленушілерді тәрбиелеу.

Ең алдымен, жас ұрпақ бойында отаншылдық сезімді ояту үшін тәрбие үрдісінде этнопедагогиканы тиімді қолдана білуіміз қажет. Ал қазақ этнопедагогикасының негізі – халық педагогикасы. Халық педагогикасының арқауы – ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері. Ал, бұл асыл мұраларды бала тәрбиесінде орынды пайдалана білу тәрбиеленушілеріміздің халықтық педагогиканы толық меңгеруіне зор ықпалын тигізеді.

### **Бағдарламаның өзектілігі:**

- Ел жастарының патриоттық сезімін, білім мен біліктілігін, дағдыларын, ізгілікті қасиеттерін, дүниетанымдық көзқарасын, жағымды мінез-құлық нормалары мен сыпайы этикалық қарым-қатынастарын ұлттық тәрбие арқылы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Туған жерге, отанына деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарын және ұлттық ойындарды тәрбиенің көзі ретінде пайдаланып, ата – бабаларымыздан қалған асыл мұра, алтын қазынасын кейінгі жас ұрпаққа үлгі етіп, санасына жеткізу. Бөбекжайдағы өзге ұлт өкілдері балаларын салт-дәстүрмен бірге қазақ тілін құрметтеп, оны түсіну және қазақ тілінде сөйлеуге, салт-дәстүрді құрметтеуге үйрету, тәрбиелеу. Тәрбиеленушілер бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

- Әдет-ғұрпымызды тәрбиеленушілер бойына сіңіріп, дарыту, рухани байлығы мол жан-жақты азамат тәрбиелеу;
- Ұлттық ойындармен ойната отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- қазақтың ұлттық болмысын құрайтын ұлттық құндылықтарымызды анықтау;
- ұлттық құндылықтар негізінде берілетін тәрбие түрлері, білім беру мазмұны, тәрбие мен білім берудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру;
- ұлттық тәлім-тәрбие тарихын, ұлттық өнер-мәдениетті танып-білу;

### **Вариативтік бағдарламаны меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдер:**

- Проблемалық оқыту әдісі;
- Жобалау әдісі;
- Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының стратегиялары мен элементтері;
- Тренинг;
- Ойын;
- Рефлексия;
- Логикалық жаттығулар.

Аталған әдіс-тәсілдер бөбекжайдағы тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп пайдаланылады.

### **Сөздік әдістері:**

- көркем әдебиеттерді оқу;
- педагогтың айтуы бойынша ертегі кейіпкерлерін тауып, жұмбақтарды шешу.

### **Ойын әдістері:**

- әртүрлі ойындарды ұйымдастыру (сюжетті-рольді, кимылды);
- дидактикалық, драматизациялық.

### **Практикалық әдістер**

- балалардың нәтижелі қызметін ұйымдастыру;
- ертегілерді, әдеби шығармалардың үзінділерін қою;
- балалармен көрнекі құралдар жасау.

Жұмыс жүйесін құру барысында келесі негізгі бағыттарға ерекше назар аудардым:

- танымдық-ойын-сауық бағыты балаларды әр түрлі ертегі кейіпкерлерімен таныстыру адам қызметінің осы компоненттерге ойын-сауық түрінде әсер ету мақсатын қояды.
- Практикалық бағыт-практикалық істермен байланысты салт-дәстүрлерді сахналау, көрсету.

#### **Бағдарламаны меңгерту формалары:**

- Жекелеме жұмыстар,
- Орталықтардағы дербес жұмыстар,
- Топтық жұмыстар,
- Ұжымдық жұмыстар.

#### **Вариативтік бағдарламаның тиімділігін бағалау критерийлері**

- Тәрбиеленушінің шығармашылық белсенділігінің жүйелі болуын үнемі қадағалап отыру.
- Меңгеретін тақырыптарды тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай беріп отыру.
- Жекелеме және топтық жұмыстар жүргізу.
- Ата-аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру, іс-шараларға қатыстыру.
- Әдіс-тәсілдерді жүйелі қолданып отыру.
- Тәрбиеленушінің жетістігін әрқашанда мадақтап отыру.

#### **Вариативтік бағдарламаны тиімді түрде жүзеге асыруда кездесетін кедергілер, болуы мүмкін қиындықтарды болжау:**

1. тәрбиеленушілердің бөбекжайдан жиі қалуы;
2. ата-аналардың өз балаларына көп уақыт бөлмеуі;
3. өзге ұлт балаларының қазақ тілін тез меңгере алмауы.

Қорыта келгенде, бүгінгі күнде болашақ ұрпақты саналы да, әдепті тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын балалардың санасына сіңіре білу балабақшаның басты міндеті. Тәрбиенің көзі-ата бабамыздан қалған дана сөздер десек, біздер яғни тәрбиешілер-сол насихаттарды жүргізушілерміз. Бұл қоғам алдындағы үлкен міндетіміз десекте болар. Жоғарыда айтылған жұмыстардың жемісі ретінде төмендегідей нәтижеге жетпекпіз.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

- Салт-дәстүрді меңгереді.
- Ата-бабамыздың күнделікті тұрмыста қолданып, қазіргі таңда ұмытылып бара жатқан заттар мен бұйымдарды танып біледі.
- Ана тілін жетік меңгеріп сөздік қорлары молаяды.
- Ұлттық ойындар арқылы дене қозғалысы қалыптасады, түрлі жаттығуларды меңгереді.
- Ұлттық әшекейлермен зергерлік бұйымдарды көру, жасау арқылы шығармашылық қабілеттері дамиды.
- Үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор бола білетін, отансүйгіш, ұлтжанды тұлға қалыптасады.

**Балалардың жастары:** ортаңғы тобы (3 жас)

Мерзімі: 3 жыл

**Білім беру қызметінің тәртібі:**

Вариативтік бағдарлама аптасына бір рет күннің екінші жартысында өтіледі.

**Ата-аналармен жұмыс:**

1. Әңгіме.
2. Материалды іріктеу кезінде кеңес беру.

**«Ұлттық қазына» вариативтік бағдарламасы бойынша ортаңғы топтың  
перспективалық жоспары**

<b>№</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Уақыты</b>
1	Қазақтың баспанасы-киіз үй	
2	Сандық	
3	Кебеже	
4	Текемет М.Кенбаев «Текемет басу»	
5	Сырмақ	
6	Ұршық	
7	Шілдехана	
8	Туған өлке	
9	Бесікке салу	
10	Тұсау кесу	
11	Жұмбақтар	
12	Ұлттық ойындар	
13	Арқан тарту	
14	Асық ату	
15	Менің Отаным – Қазақстан	
16	Шәугім. Аққұман	
17	Ағаш ожау (шөміш). Саптыаяқ	
18	Ұлттық тағамдар (казы-қарта, құрт-ірімшік)	
19	Қонақ күту- ата дәстүріміз	
20	Нан дастарханға қалай келеді?	
21	Бауырсақ	
22	Сусындар (шұбат, қымыз, айран)	
23	Ұлттық музыкалық аспаптар	
24	Домбыра	
25	Айтыс	
26	Әжемнің ертегісі	
27	Наурыз мерекесі	
28	Наурыз көже	
29	Ұлттық ыдыстар	
30	Ұлттық киімдер	
31	Қыз балалар киімі	
32	Ұл балалар киімі	
33	Зергерлік бұйымдар; сақина, білезік	
34	Тыйым сөздер	
35	Туған жер-алтын бесік	
36	Салт-дәстүрім – таусылмайтын байлығым	
37	Менің Отанымның табиғаты	
38	«Алдар көсе» ертегісі	
39	Жаңылтпаштар	

**Ортаңғы топқа арналған «Ұлттық қазына» вариативтік  
бағдарламасының мазмұны**

№	Тақырыптар	Міндеттері
1	Қазақтың баспанасы-киіз үй	Балаларды халқымыздың ұлттық баспанасы киіз үймен таныстыру. Оларға киіз үйдің құрлысы, оның құрылуы туралы мағлұмат беру арқылы киіз үй туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларға «Киіз үй», «Баспана» сөздерінің мағынасын түсіндіру, ұлттық баспанамыз киіз үй туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. «Киіз үй», «Баспана» сөздерін дұрыс айтуға, дұрыс қолдана білуге үйрету арқылы тіл байлықтарын молайту. Халық педагогикасының элементтерін пайдалана отырып, балаларды ұлттық баспана киіз үйдің пайдасын, қадір-қасиетін біліп, оны бағалай білуге тәрбиелеу.
2	Сандық	Балаларға ұлттық жиһаздар сандық туралы түсінік беру. Үй жиһаздарының атауларын атату арқылы сөздік қорларын молайту, әр жиһазды атауына байланысты ажырата білуге үйрету. Үй жиһаздары туралы ұғымдарын кеңейту. Ұлттық үй жиһаздарын ата-бабаларымыз қолданған бұйымдарды күтіп, қадірлеп, қастерлей білуге баулу.
3	Кебеже	Балаларға ұлттық жиһаз кебеже туралы түсінік беру. Үй жиһаздарының атауларын атату арқылы сөздік қорларын молайту, әр жиһазды атауына байланысты ажырата білуге үйрету. Үй жиһаздары туралы ұғымдарын кеңейту. Ұлттық үй жиһаздарын ата-бабаларымыз қолданған бұйымдарды күтіп, қадірлеп, қастерлей білуге баулу.
4	Текемет М.Кенбаев «Текемет басу»	Балаларды ұлттық төсеніш түрі текметпен таныстыру. Текемет туралы түсінік беру, оны қолдану жолдарымен таныстыру арқылы ұлттық төсеніш туралы алғашқы ұғымдарын, сөздік қорларын, тіл байлықтарын дамыту. Төсеніш түрі текметтің үлкен еңбекпен жасалатыны туралы түсінік бере отырып, еңбексүйгіштікке, үлкеннің еңбегін бағалай білуге, ұлттық бұйымдарды қадірлеп, құрметтеуге

		тәрбиелеу.
5	Сырмақ	<p>Балаларды ұлттық төсеніш түрі сырмақпен таныстыру. Сырмақ туралы түсінік беру, олардың атауларымен, қолдану жолдарымен таныстыру арқылы ұлттық төсеніштер туралы алғашқы ұғымдарын, сөздік қорларын, тіл байлықтарын дамыту.</p> <p>Төсеніш түрі сырмақтың үлкен еңбекпен жасалатыны туралы түсінік бере отырып, еңбексүйгіштікке, басқаның еңбегін бағалай білуге, ұлттық бұйымдарды қадірлеп, құрметтеуге тәрбиелеу.</p>
6	Ұршық	<p>Балаларды ұлттық бұйымның бір түрі ұршықпен таныстыру. Ұршық туралы түсінік беру, оның атауымен, қолдану жолымен таныстыру арқылы ұлттық бұйым туралы алғашқы ұғымдарын, сөздік қорларын, тіл байлықтарын дамыту.</p>
7	Шілдеhana	<p>Балаларға шілдеhana-жаңа туған нәрестенің құрметіне арналған той. Оған көбінесе жастар жиналатыны, олар шілдеhanaға арнайы және шақырусызда келе беретіні туралы мәлімет беру. Шілдеhana баланы күзетуден, қорғаудан пайда болған дәстүр екенін, салт-дәстүрге құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p>
8	Туған өлкем	<p>Өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту. Туған жер, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Балалар сөздігін молайту, сөздерді байланыстырып, сөйлеуді қалыптастыра отырып туған жерге арналған тақпақтарды мақал – мәтелдерді жатқа айтқызуға үйрету. Туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, балаларды Отан сүйгіштікке баулу</p>
9	Бесікке салу	<p>Балаларға шілдеhana өткеннен кейін баланың әкешелері бесік тойын жасайтыны, ағаштан жасалған бесікті баланың нағашылары немесе жасы үлкен, қадірлі аналардың бірі әкеліп сыйға беретіні туралы мәлімет беру. Салт-дәстүрге құрметпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүр түрлерімен, соның ішінде бесікке салу дәстүрімен таныстыра отырып, балалардың сөздік қорына бесік жабдықтарының атауларын дұрыс атай білуге үйрету</p>

10	Тұсау кесу	балалардан қазақ халқының тарихы мен дәстүріне тұрақты қызығушылық таныту; тұсау кесу-сәби қаз тұрғаннан кейін тез, жығылмаай, сүрінбей жүріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасалатын дәстүр екенін түсіндіру. Адамгершілікке, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқоршы болуға, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүр түрлерімен, соның ішінде тұсау кесі дәстүрімен таныстыра отырып, балалардың сөздік қорына тұсау кесу сөзін дұрыс атай білуге үйрету.
11	Жұмбақтар	Балалардың жыл бой алған білімдерін тексеру, күнді бұлттан құтқара отырып көптеген тапсырмалар орындау. Жұмбақтар жасыру, санамақтар айтқызу арқылы ой-өрістерін дамыту. Геометриялық пішіндер мен сандарды қайталау, сандарды дұрыс орналастыру, тура, кері санау. Ертегілерден үзінді оқу, сол үзінді қай ертегіден екендігін табу. Мамандық иелерін табу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
12	Ұлттық ойындар	Ұлттық ойындарды кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру. Қазақ халқының ерлік - жауынгершілік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хан батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу; Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін – өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.
13	Арқан тарту	Арқан тарту — ұлттық ойын екенін, бұл ойынды ойнау үшін, алдымен бес-алты ойыншы тартқанда үзілмейтін арқан және үлкен адамның алақаны көлеміндей екі тақтай дайындап алу қажеттігін айта отырып, ойынға қызығушылығын ояту.
14	Асық ату	Атадан балаға өнеге болып қалар қазақ ұлтының ұмытылып бара жатқан дүниелерінің бірі асықты балаларға таныстырып көрсету, ойнату, түсіндіру, әртүрлі-түстегі асықтармен қарапайым математикалық сандарды санап үйрету. Сонымен қатар, санай отырып түстерін ажыратуға, асық ойнату арқылы балаларды дәлдікке,

		ептілікке, шапшандыққа баулу.
15	Менің Отаным – Қазақстан	Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру
16	Шәугім. Аққұман	Балаларды шай ішуге қажетті ыдыстар:самаурын, аққұман, кесе ұлттық ыдыстарымен таныстыру. Шай ішуге қажетті ыдыстарды көрсете отырып, есте сақтау, сипап сезу қабілеттерін дамыту. Оларды пайдалану жолдарын түсіндіру арқылы ұлттық ыдыстар туралы ұғымдарын кеңейту, сөздік қорларын, зейіндерін, дамыту. Ыдыс атауларын дұрыс, анық атауға жаттықтыру. Ұлттық ыдыстарды танып білуге, оларға ұқыппен қарауға тәрбиелеу.
17	Ағаш ожау (шөміш). Саптыаяқ	Балаларды ағаш ожау, саптыаяқ сияқты ұлттық ыдыстарымен таныстыру. Ағаш ожау, саптыаяқ ыдыстарын көрсете отырып, есте сақтау, сипап сезу қабілеттерін дамыту. Тостаған мен торсық ыдыстарын жасау жолдарын түсіндіру арқылы ұлттық ыдыстар туралы түсініктерін дамыту. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты сақтай білуге баулу.
18	Ұлттық тағамдар (қазы-карта, құрт-ірімшік)	Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндірумен, қатар қандай жолмен алынатынын, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды ұлтжандылыққа, көргенділікке, терең ойлай білуге, жан-жақтылыққа тәрбиелеу. Ұлттық тағамдардың аттарын меңгерту, сөздік қорын молайта отырып, сөздерді тәжірибеде қолдана білуге баулу, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу. <b>Әдіс-тәсілі:</b> Сұрақ – жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.
19	Қонақ күту- ата дәстүріміз	балаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын айтуды үйрету, оларды ажыратуға жаттықтыру. Қонақ күту ережелерімен таныстыру. Қонақжайлыққа баулу. <b>Көрнекіліктер:</b> шай ішіп отырған қыз баланың суреті. Ойыншық ыдыстар, тағамдар. Үлестірмелі

		тағамдар мен ыдыстардың суреттері.
20	Нан дастарханға қалай келеді?	Дән тұқымымен танысу, бидайдан нан жасалатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру. Балалардың ақыл - ой белсенділігін арттыру. Өлең, нақыл сөз, мақал -мәтел арқылы тіл байлығын дамыту. Берілген тапсырманы орындауға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін түсінуге талпындыру
21	Бауырсақ	нанның қасиеті, бауырсақтың түрлері туралы түсінік бере отырып, нан-азық атаулының анасы екеніне көз жеткізу. Қай халық, қай жұрттың болмасын нан қадіріне жетпейтіндері жоқ екендігін, нан бар жерде жан бар екені туралы айтып өту. Нанды қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.
22	Сусындар (шұбат, қымыз, айран)	Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндірумен, қатар қандай жолмен алынатынын, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспеншілігін арттыру. Ұлттық тағамдардың аттарын меңгерту, сөздік қорын молайта отырып, сөздерді тәжірибеде қолдана білуге баулу, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу.
23	Ұлттық аспаптар музыкалық	Музыкалық аспаптар мен шулы аспаптарды ажыраттыру,аспаптардың ерекше бір құдіреттілігін айту. Аспаптарда ойналған әуеннің адамға берер әсері қандай, мағынасын түсіндіре білу. Балаларға аспаптарды ажырата білгізіп,домбыраға деген сүйіспеншіліктерін ояту.
24	Домбыра	Музыкалық аспаптар мен шулы аспаптарды ажыраттыру,аспаптардың ерекше бір құдіреттілігін айту. Аспаптарда ойналған әуеннің адамға берер әсері қандай, мағынасын түсіндіре білу. Балаларға аспаптарды ажырата білгізіп,домбыраға деген сүйіспеншіліктерін ояту.
25	Айтыс	айтыс жайлы түсініктерін кеңейту, айтыс түрлерін ажырата білуге баулу. Айтысқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.Балалардың айтыс

		жайлы түсініктерін кеңейтіп, айтыс түрлерін ажырата білуге баулу. Балалардың сөздік қорларын молайту, тіл байлықтарын дамыту. Өз ойларын толық жеткізіп айтуға, сұрақтарға дұрыс жауап беруге ынталандыру. Балаларды ұлттық өнерге тәрбиелеу. Айтысқа деген сүйіспеншіліктерін арттырып, домбыраны қадірлеуге, кастерлеуге тәрбиелеу.
26	Әжемнің ертегісі	Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау. Оларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, ертегілер арқылы тілін дамыту, сөздік қорын молайтып, диалогты сөйлеу мәдениетін әрі қарай дамыту. Логикалық ойлауын жетілдіріп, адамгершілік тәрбиесіне баулу.
27	Наурыз мерекесі	Балалардың шығыс күнтізбесі жайлы түсініктерін жетілдіру. Шығыс күнтізбесі бойынша Жаңа жыл 22- наурыздан басталып, күн мен түннің теңесетінін түсіндіру. Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден айырмашылығын білуге үйрету. Сөздік қорын, ой-өрісін, тіл байлығын дамыту. Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру, балаларды елін, Отанын сүйуге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу, имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.
28	Наурыз көже	наурыз мейрамы туралы түсініктерін кеңейту, сұрақтарға толық дұрыс жауап беру дағдыларын қалыптастыру. сұрақ - жауап, жұмбақ шешу, өлеңдер оқу, көрініс қою барысында балалардың ой-өрісін дамыту. балаларды қазақ тілін құрметтеуге, ұлттық киімдерді, мерекелерді қадірлеуге тәрбиелеу.
29	Ұлттық ыдыстар	Балаларды ұлттық ыдыс атауларымен және қызметімен таныстыру. Сөздік қорларын молайту, айтылым әрекетін жетілдіру. Ұлттық салт-дәстүрге баулу.
30	Ұлттық киімдер	Балаларға ұлттық киімдер туралы түсінік беру. Ұлттық киімдердің суреттерін, тігілген дайын үлгілерін көрсету арқылы ұлттық киімдер туралы ұғымдарын кеңейту. Ұлттық киімдер туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру. дамыту. Ұлттық киімдердің қажеттілігін түсіндіре

		отырып, оларды бағалай, күте білуге баулу.
31	Қыз балалар киімі	Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы түсінік беру. Төл дыбыстарды анық айтуға жаттықтырып, сөздерді дұрыс айтқызу, ұлттық киімдермен таныстыру. сөздік қорларын молайтып, сөз тіркестерін құрастыру арқылы тілдерін дамыту. ұлттық киімдердің әсемдігін көрсете отырып, оларды әдемілікке, көркемдікке баулу. Тіл үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру.
32	Ұл балалар киімі	Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы түсінік беру. Төл дыбыстарды анық айтуға жаттықтырып, сөздерді дұрыс айтқызу, ұлттық киімдермен таныстыру. Сөздік қорларын молайтып, сөз тіркестерін құрастыру арқылы тілдерін дамыту. Ұлттық киімдердің әсемдігін көрсете отырып, оларды әдемілікке, көркемдікке баулу. Тіл үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру.
33	Зергерлік бұйымдар; сақина, білезік	Халқымыздың қайнар көзі – қазақтың ұлттық бұйымдары туралы ұғымды бала жадына кең, бай, мағыналы көлемде түсінік бере отырып, олардың шығу, жасалу, қолданылу тарихы туралы сыр шерту. Балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана - сезімін, ынта - жігерін арттыру. Балаларға саналы сұлулық бейнесінде көркем дүниені меңгерте отырып, дәстүрлі шеберлік өнерді қадірлеп, қастерлей білуге баулу.
34	Тыйым сөздер	Балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып, жаңбыр тамшыларын салуға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ептілік пен жинақылыққа тәрбиелеу.
35	Туған жер-алтын бесік	Өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту. Туған жер, Отан туралы түсініктерін кеңейту. Балалар сөздігін молайту, сөздерді байланыстырып, сөйлеуді қалыптастыра отырып туған жерге арналған тақпақтарды мақал – мәтелдерді жатқа айтқызуға үйрету.Туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, балаларды Отан сүйгіштікке баулу

36	Салт-дәстүрім таусылмайтын байлығым –	Ер балаларды қазақ халқының ата кәсібі жылқы малы жайлы және ат әбзелдерімен таныстыру. Қамшы жасау өнерінің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Тіл мәдениетін жетілдіру. Қамшы өру өнерінің алғашқы дағдыларын қалыптастыру барысында балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту. Үлкендерге құрмет көрсетуге, салт- дәстүрді қадірлеуге тәрбиелеу.
37	Менің Отанымның табиғаты	балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру. Суретшінің бере білген көңіл - күйді сезіну қабілеттілігін қалыптастыру, табиғаттың әрбір құбылысы өзінше тамаша екендігін сезіну. Туған жердің көрінісін қағазға түсіре білуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу.
38	«Алдар көсе» ертегісі	Көркем шығарманың мазмұның зейін қойып тыңдауға үйрету; Халық ауыз әдебиетінің туындыларын тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; дамыту. Шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру;
39	Жаңылтпаштар	жаңылтпаш туралы әдеби білім беру, білігін тереңдету, салыстыру, ажырата білу мен оқу, талдау машықтарын қалыптастыру. Балалардың логикалық ойлауын, ой дәлдігін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, түрлі амал – тәсілдер арқылы іздендіре отырып шығармашылыққа баулу. адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

## Әдістемелік ұсыныстар

Мектепке дейінгі балалардың этнопедагогикалық тәрбиесін ең алдымен адамгершілік-рухани тәрбие ретінде қарастыру керек, өйткені адам өзінің тарихымен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, өткенін білмей, келешекте дамып, жетілуі екіталай. Өткен тарихын біле отырып, келешекке бет бұрады.

Этнопедагогикалық тәрбие жүйесі педагогтердің алдына мынадай міндеттерді қояды:

- салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың қаншалықты маңызды екенін түсіну;
- этнопедагогикалық тәрбие арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу;
- балалардың тыйым сөздерді түсіну арқылы жаман әдеттерден жирену сезімдерін дамыту;

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартын мектеп жасына дейінгі балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру мен мазмұнын анықтауға талдай отырып, мен мектепке дейінгі балалардың этнопедагогикалық білім алуын барлық білім беру салалары бойынша жүзеге асыруға болатын деген қорытындыға келдім.

Физикалық қасиеттері мазмұны:

- Ұлттық ойындар арқылы дене қозғалысын, қимыл белсенділігін арттыру;

Коммуникативтік дағдылар мазмұны:

- Салт-дәстүрді көрсете отырып, рольдерге бөлініп ойнауды үйренеді;
- Сөздік қорын, тіл байлығын дамыту;
- Әңгімелеп айтуға үйрету;
- Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдылар мазмұны:

- балалардың ой-өрісін кеңейту;
- Отан, табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс- әрекеті мазмұны:

- Қолөнер бұйымдарына қызығушылықтары арта отырып, мамандық таңдауға көмегі тиеді;
- Ертегілерді тыңдай отырып, оларды сахналауды үйренеді.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар мазмұны:

- қоғамда қабылданған нормалар мен құндылықтарды меңгеруге;
- эмоционалды көңіл-күйді, оның ішінде ертегілер, жұмбақтар арқылы табиғи объектілерге қатысты көңіл-күйді дамыту;

Топтағы заттық-дамытушы орта:

- танымдық іс-әрекет, эксперимент жасау, зерттеу объектілерін жүйелі бақылау;
- табиғат құбылыстарына қызығушылықты күшейту;
- экскурсиялар, мұражайдағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер;
- баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру;

Этнопедагогикалық тәрбие беру мақсатында көрнекіліктер ретінде киіз үй, үй жиһаздары, ыдыс-аяқтар, ұлттық киімдер, зергерлік бұйымдар пайдаланылады. Ұлттық киімдер мен заттардың ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде пайдаланылуы балалардың көздерін үйретіп қана қоймай, бұл

бұйымдар жайлы біраз мағұлмат алып, аттарымен танысып әрі не үшін қолданылатынынан да хабардар болуға мүмкіндік береді. Салт-дәстүрлер баланың дүниеге келген күнінен бастап өмір баспалдақтарындағы әрбір қадамында пайдаланылады. Балалардың тілдік қорының молайып, өз ойларын толық жеткізе білуге деген құлшынысының артуы, сахналық қойылымдарға қатысып, шығармашылық ізденіске талпынуы-қол жеткен жетістіктеріміз. Бағдарламаның маңыздылығы балаларды ортаңғы топтан бастап өз-өзін ұстай білу мәдениетіне, туыстық, достық, жолдастық қарым-қатынастарға, табиғатты, қоршаған ортаны сақтау, адамгершілікке, әдептілікке, әдемілікке тәрбиелеуде, олардың ой-өрісін, санасын, мінез-құлқын қалыптастыруға тиімді әсер етеді. Осы бағдарлама балалардың салт-дәстүрлерді тереңірек үйренуіне, өз еліне, халқына деген сүйіспеншілік сезімдерінің оянуына, қазақ халқының ертегі, аңыздарына деген қызығушылықтарының артып, сахналық қойылымдарға қатысуына жол ашады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж, Астана Ақорда.
2. Бала құқықтары туралы Конвенция.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына жолдауы. 06.02.2008 ж, Астана
4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. ҚР МЖМБС 1.001-2001
5. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
6. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі орта білім департаментінің №02-3-1/562 04.04.200 ж хаты «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім және мектепалды даярлық» мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» жобасы. 2008 ж, Астана
7. Жеті қазына. Алматы. 2001 жыл.
8. Отбасы және балабақша №2 2012 жыл
9. Бала тәрбиесі №2 2009 жыл